Нұрғиса Тілендиевтің туғанына - 100 жыл

# ДӘУІР ҮНІ НҰРҒИСА

Қазақ кино тарихында ең көп көрермен жинап, мол қаражат түсірген «Қыз Жібек» фильмі екендігі даусыз. Осы шедевр фильмде қос аққуды билетіп қойған ғажап күй ойнайды. Атауы-«Аққу» күйі. Авторы - Нұрғиса Тілендиев.

Төлеген мен Жібектің, қос ғашықтың махаббатына дәнекер болған керемет күйі-аталмыш фильмнің гимні секілді, желбіреген көңіл-күйдің туы тәрізді. Бір-біріне ғашық жігіт пен қыз түгілі, қос аққудың өзі көлді айналып, мың бұрала билейді ғой. Күй құдіреті адамдар мен аққуларды сұлулықтың символына айналдырып, ғажап образ жасаған. Адамның ыстық сезіміне аққудың сәнді жарасымы һәм табиғаттың таңғажайып сұлулығы қосылып, ғаламат гармония болғанын көреміз. Сәтті шыққан бұл көріністен күй өнерінің тылсым сырын тап басқан Нұрғиса күйшінің асқан дарынын, толағай талантын тануға болады. «Аққу» күйі-Нұрғиса Тілендиевтің шоқтығы биік, ғажайып туындыларының бірі деп айтуымызға толық негіз бар.

Көктемді сағымдым ғой,
Көк белді сағындым ғой...
Ауылды сағындым ғой,
Бауырды сағындым ғой...

Ақын Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған сағынышты осы әнді де Нұрғиса Тілендиев шығарған. Әйгілі композитордың «Сағындым ғой» соңғы әндерінің бірі сияқты. Бұл жерде басты орында сары ала сағыныш, өткенді аңсау, жастық шаққа саяхат секілді. Ізгі ниет пен ақзер арман тұнып тұр.



Желдей ескен уақытты кері айналдырар құдіретті күш те, нәп-нәзік сыршыл лирика да қабат өріледі. Адам жан-дүниесін, жүрегін жаулап, көңіл-күйін шартарапқа шалқытады. Сағыныш сазды әсем ән өз иіріміне тартып, өткенге оралу, жастықтың жасыл жайлауында арманның ақ боз атымен құйғыта шабу сияқты алып ұшқан қуаныш-ты қуанышты сәттерді бастан кешіреді. Сондай-ақ мұңға оранған сағымды уақытты да көз алдымызға алып келеді. Әр сөзі мен әуен ырғағында «Сағындым ғой» деген тіркеске күш түсіріп, салмақ сала айтуы да әнді құдіретке айналдырған. Адам өмірінің өлшеулі екендігі, адам тағдырының тым күрделі екендігін айғақтайтын осы ән де талай тыңдарманның сүйіп тыңдайтын ғаламат туындысы.

Нұрғиса Тілендиевтің кемел шағында жарық дүниеге келген керемет әнді сағыныш символы, өмір жыры деп те атауға болады. Шын мәнінде бұл ән де әдемі, шедевр шығарма!

«Құстар, құстар сызылтып ән салады,
Сол әнімен тербетеді даланы.
Ал адамдар күліп бастап өмірің,
Кетерінде жылай да алмай,
жылай да алмай қалады...

Ақын Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған, Нұрғиса Тілендиевтің сонау әнінде нәзік лиризммен қатар, өмір философиясыда тұнып тұр. Әрине, ақын өлең сазгер әнінің сиқырына елітіп, жарыққа шыққанға ұқсайды. Әннің иірімінен ұшқан құс қанатының сулы, қалың ауаны жарып бара жатқан құс жолындағы ерекше дүбір естілетіндей.

Адамның өміріндегі уақыт толқыны мен жылы жаққа қайтар құстар легінің қанат қағысы-домбыраның қос шегіндей жұптаса жымдасқан. Құстар мен адамдар!

Құс - қанатын қағып көкке көтеріледі, адам-арман,

қиял, мақсатымен биіктерге жетеді. Осы қос ой өлең-әннің өн бойында өзендей ағып, жүректі тербетіп, көңілді толқытады. Әннің құдіреті, өміршеңдігі соншалық-қанша уақыт өтсе де құнын жоймай қазақ аспанында қалықтап жүр.

Сөз жоқ, бұл-композитордың керемет талантын, ғажап дарынын айғақтайтын шынайы шығарма.

...Жазира жасыл кілем өрнектеген,
Туған жерге, дариға-ай,
Жер жетпеген Сарыжайлауым!

Ақын Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған ерекше осы әуезді әнді шығарған композитор Нұрғиса Тілендиев. Сыршыл сазгердің лирикалық леппен шарықтай көтерілетін бұл әдемі ән-қазақ жерінің тұмса табиғатына арналған. Кең байтақ дала, таулы өлке, жап-жасыл жайлау. Саумал ауа, кәусар бұлақ, шоқ-шоқ тоғай, айнала-айнала ұшқан құстар мен өріс толы малдар.

Сұлулықтың символы болған Алатау бөктері. Қандай ғажап! Шөкімдей де бұлты жоқ, ашық аспанда, көк жүзінде қыран ғана айналып ұшып жүр. Қасиетті күннің астында қалықтаған бейбіт құсы һәм бақыт құсы осынау әннің де мән-мағынасын айқындап тұрғандай. Әннің негізгі өзегі - табиғат сұлулығы. Сұлулыққа сүйсінген ақын мен композитордың жарасқан тандемі. Ақынның көркем сөзіне сазгердің сұлу әуені сай келіп, қиюласа үндескен. Нәтижесінде шебер шығарма дүниеге келген.

Ақын Қадыр Мырзалиевтің сөзіне жазылған Нұрғиса Тілендиевтің « Асыл әже» әні көпшіліктің көңілінен шыққан, тамаша туындылардың бірі. «Асыл әже, ғасыр әже» деп келетін әсем әуен қарт анаға деген, ардақты әжеге арналған үлкен құрмет, парасатты толғау-жыр секілді. Ұрпақ тәрбиесіндегі әженің алар орны, құрмет-бағасы өте дәл көрсетілген деп айтуға болады. Өмірлік философия, адамдық ізгі ниет, туыстық қарым-қатынас, туысқандық жанашырлық, бауырмалдылық сияқты барша жақсы қасиеттер әннің бойына жинақталған. Қайырымды қария кейінгі жастарға, өскелең ұрпаққа қашанда ақылшы, қамқор, жол көрсетуші екендігін осындай есті шығармалардан ұғатынымыз, алатынымыз анық. Бұл әнді баланың немесе ұрпақтың әжесіне деген перзенттік парызы, немерелік борышы десек те болады.

Ән-өте әдемі, нәзік нақышты, лирикалық лүпілге бай. Жан-жүрегіңді тербетеді. Қайта-қайта тыңдай бергің келеді.Мұндай музыкалық толғаныспен айтылатын әндер ата-анамен бала арасындағы алтын көпір десе де болғандай.

Шындығында «Асыл әже» әні Нұрғиса Тілендиевтің өз әжесіне және адамзат баласының әжелеріне арналған әсем туынды. Ән ырғағы мен әуені мәтінге сай келіп, ешқашан өлмейтін өміршең шығармаға айналған.

**Бауыржан РЫСБЕКОВ**
**Талды ЖББМ-ның**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі**